

Бөрлі ауданының ішкі саясат бөлімінің 2018 жылға арналған бюджеттік бағдарламаларына Түсініктеме

2018 жылы қол жеткізген көрсеткіштер нәтижесіне қысқаша сипаттама

«Бөрлі ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі ішкі саясат саласындағы мемлекеттік басқару қызметін және мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

«Бөрлі ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 10 қаңтардағы №3 қаулысымен бекітілген Ереже негізінде әрекет етеді.

Штаттық құрылымы 4 бірлік мемлекеттік қызметші, 4 бірлік техникалық персонал тұрады. Теңгерімінде 1 автокөлік бар.

2018 жылы бюджеттік бағдарламалардың мақсатына және жоспарланған түпкілікті нәтижелеріне сипаттама.

Бюджеттік бағдарлама 001 «Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»

Мақсаты: Ұлттардың бірлігін сақтау және қазақстандық отансүйгіштікті нығайту, мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылын жетілдіру арқылы мемлекеттілікті нығайту

Жоспарланған түпкілікті нәтижелері: аппарат қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдармен жобаларды іске асыру.

Шығыстар: жоспар -33114 мың теңге, іс жүзінде -33012 мың теңге.

Көрсеткіштің орындалу пайызы -99,7%.

штаттық құрылым: жоспар-8 бірлік, іс жүзінде-8 бірлік;

HP LJ Pro M130a көпфункционалды құрылғы, үздіксіз коректік көзі, Canon EOS -1300D фотоаппарат сатып алу: жоспар -3 бірлік, іс жүзінде – 3 бірлік.

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын жобалар саны: жоспар-9 бірлік, іс жүзінде -9 бірлік.

1	«Үміт» тұрғындарға психологиялық және құқықтық кеңес беретін әлеуметтік қызметтер
2	Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған іс-шаралар өткізу және ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру
3	Аудандағы этно-мәдени бірлестіктердің қатысуымен "Ұлы дала елі" идеясын қолдауға бағытталған іс-шаралар кешені
4	Отбасы және неке институтын нығайтуға, отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталған іс-шаралар кешені
5	"Рухани жаңғыру-туған жер тұтастығының негізі" тақырыбындағы аудандық іс-шаралар кешені
6	Сыбайлас жемқорлыққа және құқық бұзушылықтарға қарсы бағытталған іс-шаралар өткізу
7	Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешені
8	"Үлкенге құрмет" атты аудандық іс-шаралар кешені
9	"Ер-елінің айнасы" тақырыбында аудандық іс-шаралар кешені

Бюджеттік бағдарлама 002 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер»

Мақсаты: Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік қызмет сапасын жақсарту

Жоспарланған түпкілікті нәтижелері: мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтерді іске асыру

Шығыстар: жоспар -83035 мың теңге, іс жүзінде -83035 мың теңге.

Көрсеткіштің орындалу пайызы -100%.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде баспасөз БАҚ арқылы көрсетілетін қызметтер: жоспар-3 бірлік, іс жүзінде-3 бірлік;

1)БҚО Бөрлі ауданы аумағында газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер;

2)БҚО Бөрлі ауданының мәслихат депутаттар корпусының қызметін және мемлекеттік мекемелердің ақпараттық хабарландыруларын баспа құралдары арқылы баяндау.

3) БҚО Бөрлі ауданында"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру бойынша материалдарды баспа БАҚ арқылы облыстық деңгейде жариялау жөніндегі қызметтер

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде электронды БАҚ арқылы көрсетілетін қызметтер: жоспар-4 бірлік, іс жүзінде - 4 бірлік.

1)БҚОБөрлі ауданының аумағында телехабарлар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер;

2)Батыс Қазақстан облысы аумағында телехабарлар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер;

3)Бөрлі ауданының аумағында радиохабарлар тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер

4) БҚО Бөрлі ауданында азаматтық қоғамды қалыптастыруда және әлеуметтік жаңғырту үрдісінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысын облыстық деңгейде интернет-ресурс арқылы жариялау бойынша қызметтер

Бюджеттік бағдарлама 003 «Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру»

Мақсаты: Бөрлі ауданындағы мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін арттыру

Жоспарланған түпкілікті нәтижелері: Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жастар қоғамдық бірлестіктерімен жобаларды іске асыру.

Шығыстар: жоспар -29560 мың теңге, іс жүзінде -29552 мың теңге.

Көрсеткіштің орындалу пайызы -100%.

Бөрлі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы №152 қаулысымен Бөрлі ауданының ішкі саясат бөлімінің жанынан «Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Ұйымдық-құқықтық нысаны -мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қолдау көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асыру.

Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың штаттық құрылымы: жоспар-26 бірлік, іс жүзінде -19 бірлік. Ауытқуы 7 бірлік. Көрсеткіштің орындалу пайызы 73,1%. Нәтижеге қол жеткізе алмау себептері: Ақсай бойынша 4-әдіскер, 1-психолог және Кентүбек, Пугачев ауылдық округтері бойынша 2 әдіскер лауазымдарына бос орын анықталды.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын жобалар саны: жоспар-6 бірлік, іс жүзінде-6 бірлік.

1	Бөрлі ауданында жастар саясаты саласындағы іс-шараларды іске асыру
2	Халықаралық, республикалық, облыстық және ауданаралық деңгейдегі іс-шараларға Бөрлі ауданының жастар делегациясының қатысуы
3	Бөрлі ауданының жастар форумын өткізу
4	«Жастар Отанға!» жастардың жазғы лагерін ұйымдастыру
5	«Жыл үздігі-2018» Бөрлі ауданының жастар сыйлығының байқауын ұйымдастыру
6	Мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізу жөніндегі қызметтер

Бюджеттік бағдарлама 006 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»:

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: мекемені материалдық-техникалық қамсыздандыру.

Шығыстар: жоспар -500 мың теңге, іс жүзінде -500 мың теңге.

Көрсеткіштің орындалу пайызы -100%.

кеңсе жиһаздарын сатып алу – 1 бірлік

Бюджеттік бағдарлама 032 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары»:

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: мекемені материалдық-техникалық қамсыздандыру.

Шығыстар: жоспар -6880 мың теңге, іс жүзінде -6879,4 мың теңге.

Көрсеткіштің орындалу пайызы -100%.

7-орынды жеңіл көлік сатып алу-1

телевизор сатып алу-5

кондиционер TCL:18(ш.м) 55м сатып алу-1

фотокамера Canon EOS 2000D-1

процессор-4

микрофон -2

компьютер, жүйелі блок -1

жиналысқа арналған дөңгелек үстел-1

пуфик Рубик-20

журнал үстелі-1

орындық венус-7

Ішкі саясат бөлімінің ба сшысы



А.Исмагулова